

## Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы 1999 жылғы Мемлекеттік сыйлықтарын беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 5 қазан N 1520

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссияның ұсынысын қарап, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы 1999 жылғы Мемлекеттік сыйлықтары мына авторлардың ұжымдарына берілсін:

1) 1980-1998 жылдардағы "Хирургияда жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу" жұмыстары циклі үшін:

А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Әлиев Мұхтарға;

А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының бөлімше меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Ахметов Қырым Қамиғалиұлына;

А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының бөлім меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, доцент Жақыпов Уәлихан Әбуұлына;

А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының бөлімше меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Досқалиев Жақсылық Ақмырзақұлына;

А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының бөлімше меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Жораев Шәкірбайға;

А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының лаборатория меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, доцент Поцелуев Дмитрий Дмитриевичке;

А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының бөлімше меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Сейсембаев Манас Ахметжарұлына;

А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының ғалым хатшысы, медицина ғылымдарының кандидаты Хвостиков Евгений Ивановичке;

2) 1974-1998 жылдардағы "Сәбилік жастағы травматология мен ортопедияда диагностика мен емдеудің жаңа технологиясы" жұмыстары циклі үшін;

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Ормантаев Қамал Сәруарұлына;

Қазақ мемлекеттік медициналық университетінің жанындағы Дәрігерлердің білімін жетілдіру институты балалар анестезиологиясы курсының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Жұмабеков Төлеген Алтайұлына;

Қазақ мемлекеттік медициналық университетінің жанындағы Дәрігерлердің білімін жетілдіру институты балалар хирургиясы курсының меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент Ерекешов Әбубәкірге;

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медициналық академиясының деканы, медицина ғылымдарының докторы, доцент Қарабеков Ағабекке;

медицина ғылымдарының докторы, профессор Қожақанов Қасенге;

медицина ғылымдарының кандидаты Элиас Рудольф Ивановичке.

2. Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы 1999 жылғы Мемлекеттік сыйлықтарының ақшалай бөлігінің мөлшері 500 мың теңге  
с о м а с ы н д а а й қ ы н д а л с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

республикалық бюджеттің ғылымға көзделген қаражатынан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының ақшалай бөлігін төлесін.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы лауреатының дипломы мен куәлігіне қол қойсын және тапсырсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
міндетін атқарушы

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Қасымбеков Б.А.